

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 22 (38),
қараша
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Жастар жылы

«Өз өміріңнің авторы бол!»

«Ембімұнайгаз» АҚ алғашқы Жас мамандар күні осы ұранмен өтті

Өзіңді сынап көру, бірқатар күрделі кедергілерден өту, командалық мәселелерді шешуде бірлесе жұмыс жасау, компания ресурстарын үнемдеудің ең тиімді шешімін табу

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 120 жас маманы өткен аптаның 3 күнін осы және басқа да мәселелерді шешуге арнады.

- Жас мамандар күнін өткізудегі мақсатымыз – жастарды компанияның

өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ынталандыру, сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, жас мамандардың бойында корпоративтік құндылық-

тарды қалыптастыру болып табылады, - деп атап өтті **Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ.**
(Басы. Жалғасы 4-5 беттерде)



Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

«Салауатты жұмыс орындары» жобасы бастау алды

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына үлкен назар аударады. Сондықтан, салауатты қоршаған орта және жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жолы арқылы аурулардың алдын алу біздің компанияның келешектегі басым ба-

ғыттарының бірі болып табылады. Қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін жобаларды жүзеге асыру мақсатында «ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті» РММ мен «Ембімұнайгаз»

АҚ арасында өзара ынтымақтастық меморандумы қабылданды.

Пилоттық жоба «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірістік құрылымдық бөлімшесінен бастау алды.

«Салауатты жұмыс орындары» жобасы жеке гигиена, дұрыс тамақтануды қам-

тамасыз ету, салауатты өмір салтын ұстану, стресстік факторларды төмендету, медициналық қызметке қолжетімділік сияқты мәселелерді қамтиды.

Қауіпсіз және салауатты ортада қызмет ету – денсаулық пен әл-ауқаттың қайнар көзі. **Е**

Қазына қаржысы 102 млрд теңгеге көбейді

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компанияларының салық төлемдері ағымдағы жылдың 9 айында 813 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 102 млрд теңгеге көп. Жалпы, Қордың компанияларының төлемдері Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін барлық салық түсімдерінің шамамен 10%-ын теңіректеді.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобы жоспарлы қаржылық көрсеткіштерді асыра орындады. Сатудан түскен кірістің өсу қарқыны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,7 %-ды межеледі.

Операциялық пайда (NOPLAT) өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда есептік кезеңде 9,6 %-ға өсті. Тиісінше таза табыс 39,5 %-ға артып, 1158 млрд теңгені еңсерді.

Айта кету керек, 2018 жылдың сәуірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» қорының 2018-2028 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын мақұлдады. Елбасы Ұлттық әл-ауқат қорына негізгі мақсаттың бірі ретінде қоржындық компанияларды тиімді басқаруды және олардың қызметінің көрсеткіштерін ұқсас әлемдік компаниялардың көрсеткіштерімен теңестіруді жүктеді. **Е**

www.sknews.kz.

Заң департаментінде жаңа басшы

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен Асқар Әділбекұлы Тоқмурзиев заң департаментінің директоры болып тағайындалды.

2008 жылы Қазақ мемлекеттік заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, кейін ЕУ бизнес академиясында, «International Business Academy» ЖШС-да білімін жетілдірді.

Еңбекжолын 2008 жылы «MANDARIN LTD» ЖШС-де заңгер болып бастап, кейін «Тұлпар», «Бастау - S» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде заңгер болып қызмет атқарды.

2013 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазгермұнай» БК» ЖШС-не кеңесші заңгер болып қызметке кірісіп, 1 категориялы кеңесші заңгер, жетекші кеңесші заң-

гер, заң департаментінің құқықтық қамту бөлімінің жетекшісі болып еңбек етті. **Е**



Мұнай өндірудің түйіткілді мәселелері талқыланды



Қарашаның 8-і күні Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобы өндірістік блогының ұйымдастыруымен стратегиялық сессия өтті. Шараға ұлттық компания мен өндіруші кәсіпорындардың басшылығы қатысты. Басқосудың негізі мақсаты – өндіріске жауапты құрылымдық бөлімшелердің осыдан бір жыл бұрын қабылданған ҚМГ Стратегиясын іске асырудың алғашқы нәтижелерін талқылау.

- Біздің алдымызда өндіріс тиімділігін арттыру жөніндегі стратегиялық мақсат тұр. Бірінші кезекте, бұл – цифрлық трансформация, активтер құрылымын оңтайландыру және жаңа операциялық үлгіні қалыптастыру мәселелері. Қазір мұнай бизнесінде қалыптасқан жағдайда біз бұдан да тиімді, жоғары деңгейде технологиялық жабдықталған, активтер қоржыны икемді, жедел шешім қабылдай алатын, қаржылық тұрғыдан тұрақты және әлеуметтік жауапкершілікті сақтай білетін компания болуға ұмтылуымыз қажет, - деді өз сөзінде ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

Сессия барысында Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

Жақып Марабаев ҚМГ стратегиясын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспарымен, оның ішінде мұнай өндіру бойынша қабылданып жатқан бизнес бастамалармен таныстырды. Стратегияға сәйкес, өндіріс блогы алдында мұнай өндіру көлемін қарқындалту және ұлғайту міндеті тұрғаны айтылды. Осыған байланысты ҚМГ компаниялар тобы өндіру деңгейінің табиғи жолмен төмендеп бара жатқан кен орындарының сарқылуы мен сулануы мәселесін шешуге тиісті. Бұдан басқа, компанияға өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтап тұру, елдің ішкі нарығын мұнай, газ және мұнай өнімдерімен қамту міндеттері жүктелген.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директоры Бақытжан Хасановтың пайымдауынша, мұнайды шығарып алу коэффициентінің артуы мен мұнай шығарудың қазіргі заманғы технологиялардың қолданылуы компания өсуінің басты бағытының біріне айналуы тиіс. Бірақ аталған міндетті шешу үшін елеулі инвестициялар мен мұнайды шығарып алу коэффициентін ұлғайту үшін салынатын инвестицияларға қо-

сымша жеңілдіктер ұсыну жолымен салық жүктемесін азайту мүмкіндігі қажет. Жобаларды дамыту, соның ішінде күрделі шығындарды қысқартуға мүмкіндік беретін қолданыстағы инфрақұрылымды барынша пайдалану, сондай-ақ, жобаларды қаржыландыру үшін инвесторларды тарту алдағы мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Компания дамуының мүмкіндіктерінің бірі активтер қоржынын географиялық жағынан кеңейту, шетелдік жобаларға инвестиция салу немесе жаңа лицензияларды сатып алу болып табылады.

Сонымен қатар, дамудың басым бағыттарының бірі – бұл цифрландыру. Компания мұнай-газ саласындағы әлемдік көшбасшылардың озық технологиялары мен үздік тәжірибелерін қабылдауға қашанда дайын. Трансформация және цифровизация жөніндегі басқарушы директоры Нұрлан Өтенов «ҚазМұнайГаз» компаниясының циф-

ровизация саласындағы қазіргі жағдай және алдағы жоспарлары жөнінде баяндап берді. Оның айтуынша, цифровизация – бұл тұрақты тренд. Компанияның цифрлық трансформация жөніндегі бағдарламасы үстіміздегі жылдың жаз маусымында жасақталып, 2019 жылдың 4 қыркүйегінде Директорлар кеңесімен бекітілген болатын.

Н.Өтенов айтып өткендей, компаниядағы трансформация блогының қызметі цифрлық жобаларды іске асыру кезінде жобалау тәсілін қолдана отырып, әдістемелік және сараптамалық қолдауды ұсыну жолымен бизнеске барынша жәрдемдесуге бағытталған.

Сондай-ақ, Нұрлан Өтенов жақын арадағы жоспарларымен бөлісті. Қазіргі уақытта цифрландыру блогы Ұлттық компанияның Цифрландыру стратегиясын әзірлеуге кірісті. Бұл құжат Корпоративтік стратегияны қолдап, цифровизация арқылы ҚМГ-ның стратегиялық мақсаттарына жетуге септігін тигізеді. Соған байланысты, Стратегияны дайындау жұмыстарына ҚМГ-ның барлық бизнес-бағыттарының өкілдері барынша жұмылдырылуы тиіс.

Стратегиялық сессия барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және басқа да өндіруші компаниялардың басшылары сөз алып, кәсіпорындарының түйткілді мәселелері жөнінде баяндап берді. **Е**

www.kmg.kz

Стратегическая сессия производственного дивизиона АО «НК «ҚазМұнайГаз»



Компания құндылықтарын сақтау – жетістікке бастайтын жол

24 қазан күні «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) бас кеңсесінде Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбековтің ұжыммен кездесуі өтті.

Есептік кездесуге Компания басшылығы, Басқару аппаратының департамент және қызмет жетекшілері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің (ӨҚБ) басшылары мен бас инженерлері, өндірістік цех пен әлеуметтік саясат бөлімінің басшылары, ӨҚБ кәсіподақ ұйымының жетекшілері қатысты.

Есептік баяндаманың негізгі бөлігінде Ә.Жақсыбеков ЕМГ-нің еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕЖҚОҚ) саласындағы басты мақсаты: Жазатайым оқиға бойынша нөлдік көрсеткіш, апат пен мұнайдың төгілулерінің орын алмауы және қоршаған ортаға минималды әсер болып табылатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қол жеткен жетістіктерге қарамастан, Компания ЕЖҚОҚ саласындағы көшбасшылар – халықаралық компанияларда қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді енгізіп, алға қарай дамуда.

Сонымен қатар, ЕМГ басшысы бұл бағыттағы проблемаларға тоқталды. Атап айтсақ, Компания қызметкерлерін тасымалдау бойынша қызмет көрсететін көлік компаниялары жұмысындағы кемшіліктерді атап өтті. Бақытымызға орай, бұл кемшіліктер ембіліктер арасында жарақат алуға әкелмеді.

Осыған байланысты Ә.Жақсыбеков көлік департаментіне: жоғары жылдамдықты режимді бақылауды күшейтуді, жүргізушілер арасында тұрақты оқыту және түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, ОРИТО халықаралық стандартына сәйкес 2020 жылы барлық жүргізушілерді қауіпсіз жүргізуге міндетті оқытуды қамтамасыз етуді тапсырды.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментіне қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын күшейту, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментімен бірігіп, 2020 жылы қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (бұдан әрі - ЕҚЖҚТ) мәселелері бойынша қосымша оқытуды қамтамасыз ету және осы салада жақсы жұмыс жасау үшін қызметкерлерді ынталандыру бағдарламасын жасау тапсырылды.

Бұдан әрі Ә.Жақсыбеков биылғы жылы жекелеген өндірістік құрылымдық бөлімшелеріндегі ұңғымаларда газ және мұнай түзілімдерімен байланысты оқиғаларға да тоқталды.

Компания басшысы оқыс оқиғалардың себептерін талдауға егжей-тегжейлі тоқталып, салалық басшыларға олардың қайталануын болдырмауға, соның ішінде, комиссия құрып, жүйелік қателіктерді анықтау үшін ішкі тергеу жүргізуге, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерлерін болдырмауға және жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін құруға қатысты бірқатар тапсырмалар берді.

Қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан, LO-CAT қондырғысының толық іске қосылуына байланысты өткен жылдың есепті кезеңінен бастап атмосфералық ластану деңгейі азайды. Оның барысында газды кешенді дайындау қондырғысы зауытында қышқыл газ жағылмайды, бірақ, сатылатын күкірт өндіріледі. Сонымен қатар, тұтынушыларға тауарлық газды тасымалдау көлемі едәуір артты, сөйтіп «Жылоймұнайгаз» МГӨБ газды кешенді дайындау қондырғысы алауында газды мәжбүрлі түрде жағу көрсеткішін азайтады.

Компания басшысы барлық басшыларға еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басым мәселелері туралы және жұмыскерге жұмыс орнында теріс сипаттағы кез келген фактілерді жасыруға жол берілмейтіндігі туралы ақпарат беру қажеттілігін тағы бір рет ескертті!

Өндірістік көрсеткіштердің орындалысы жөнінде 2019 жылдың 9 айында ЕМГ 2 млн. 164 мың 503 тонна өнім өндіріп, жоспар 4 мың 615 тоннаға артық орындалса, мұнай тапсыру жоспары да межеден жоғары. Өнім тапсыру көрсеткішін Компания 6 мың 821 тоннаға артығымен орындады.

Мұнай жеткізу жоспары 2 млн 139 мың 500 тоннаны құрап, 2 млн 146 мың 321 тонна көлемінде орындалды. Жоспардан тыс өндіру + 6 мың 821 тонна құрады.

Есептік баяндама барысында Басқарма төрағасы жұмыстағы кемшіліктерді талдай отырып, әр өндірістік құрылымдық бөлімшенің қызметінің нәтижелеріне егжей-тегжейлі тоқталды және тиісті басшыларға оларды жою және өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту бағытында нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, Компания қызметінің негізгі бағыттарының, оның ішінде өткен жылы қабылданған ЕМГ-нің алдағы 10 жылға арналған тұжырымдамасын іске асырудың нәтижелері де қаралды. Қазіргі уақытта Тұжырымдама шеңберіндегі стратегиялық жобаларды іске асыру жағдайы ай сайын құрылған Жобалық комитеттің отырыстарында келесі бағыттар бойынша қаралады:

Геологиялық барлау және қосымша барлау жұмыстары есебінен ресурстық базаны арттыру;

Мұнай алу коэффициенті мен АЕК және өндірісті автоматтандыру арқылы операциялық тиімділікті арттыру;

Газ құбырларын, газ стансаларын және газды кәдеге жарату арқылы газ бизнесін дамыту.

Даму тұжырымдамасын іске асырудың аралық нәтижелерін талдау және балама шешімдерді әзірлеу үшін ағым-

дағы жылдың қазан айының басында кезекті стратегиялық сессия ұйымдастырылды, оның барысында Ембі тұжырымдамасын іске асыруға тікелей әсер ететін факторларды шешудің мүмкін жолдары талқыланды.

Сондай-ақ, баяндама барысында төмендегі жұмыстардың: барлау блоктарында және қолданыстағы кен орындарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасының 2017-2023 жылдарға арналған өзге кен алаңдарына тарату бағдарламасын іске асыру, Забурин және Ш.Молдабек кен орындарында полимерлік суландыру жобасын іске асыру, 2020-2021 жылдарға арналған өндірісішілік автожолдардың құрылысын жүргізу және жөндеу бағдарламасын орындау, ілеспе мұнай газын дайындауға арналған қолданыстағы қондырғылар жұмысы, ТЖҚ сатып алудың жылдық жоспарын іске асыру және әлеуметтік нысандарды жаңғырту және т.б орындалысы талқыланды.

Есептік баяндама барысында ЕМГ басшысы Компания қызметінің әлеуметтік бағытына да тоқталды:

- Компания өз қызметкерлерін жоғары деңгейде әлеуметтік қамсыздандырумен қамтамасыз етеді. Ұжымдық келісім аясында Компания Қазақстан Республикасының мереке күндеріне, мерейтойларға, дәрі-дәрмек сатып алуға, курорттық емделуге жолдамалар сатып алуға және т.б. материалдық көмекақы төлеу арқылы зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерді орындайды.

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының құндылықтары аясында Компания барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелер базасында жаттығулар жасау үшін жағдай жасай отырып, Ембі мұнайшыларының арасында спортты кеңінен насихаттауға үлкен көңіл бөлінуде. Биыл ембіліктер Шымкентте өткен спартакиаданың финалдық кезеңіне спорттың 3 түрінен: армрестлинг, шахмат және волейболдан жолдама алды. Қазақстан мұнайының 120 жыл-

дығына орай Ембі өндірістік бөлімшелерінің қызметкерлері арасында қазақ күресінен «Мұнайшы барысы» турнирі ұйымдастырылды. Облыс орталығында Компанияның 150-ден астам қызметкерінің қатысуымен ұйымдастырылған велошеру жоғары деңгейде өтті.

Ағымдағы жылы Қазақстан мұнайының 120 жылдығын тойлау аясында мұнай және газ өндіру басқармалары қызметкерлері үшін бірқатар спорттық, мәдени шаралар мен интеллектуалдық жарыстар ұйымдастырылды. Жастар жылы мен Қазақстан мұнайына 120 жылдығы аясында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Каспий самалы» вахталық қалашығында құрылымдық бөлімшелердің жас мамандары арасында «Брейн-ринг» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын мұнайшылар арасында мұнай және газ өндіру басқармаларының жатақханаларында шығармашылық байқаулар өткізілді.

Есептік баяндама барысында, сондай-ақ, қызметкерлерді оқыту, еңбек және тәртіп туралы мәліметтер, жұмыс кестесінің ережелерін бұзу фактілері туралы мәліметтер келтіріліп, кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар берілді. Соның ішінде Қоғам қызметкерлері мен мердігерлер арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

- Егер әрқайсымыз, әсіресе, басшылар, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтасақ, сөзімізге жауап берсек және өзіне жүктелген міндетті уақытылы аяқтасақ, қоршаған орта мен Компанияның мүлкін мұқият сақтасақ, өз біліктілігімізді үнемі жетілдіріп, әріптестерімізге құрметпен қарасақ, Компания бұдан да үлкен биіктерге жетеді, ал, жұмысшылар болашаққа сенімді болады! Егер біз қабылданған құндылықтарды елемей, түрлі бұзушылық фактілеріне жол берсек, бұдан әрі сәтті даму туралы айтудың да қажеті жоқ! – деп атап өтті Ә.Жақсыбеков.

Кездесу соңында Компания басшысы кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік қызметіне қатысты сұрақтарға жауап берді. **E**



«Өз өміріңнің авторы бол!» «Ембімұнайгаз» АҚ алғашқы Жас мамандар күні осы ұранмен өтті



Өзінді сынап көру, бірқатар күрделі кедергілерден өту, командалық мәселелерді шешуде бірлесе жұмыс жасау, компания ресурстарын үнемдеудің ең тиімді шешімін табу - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі – ЕМГ немесе Компания) 120 жас маманы өткен аптаның 3 күнін осы және басқа да мәселелерді шешуге арнады.

- Жас мамандар күнін өткізудегі мақсатымыз – жастарды компанияның өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ын-таландыру, сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, жас мамандардың бойында корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады, - деп атап өтті Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ.

ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРҒАН ОЙЫНДАР

«Бесікті» демалыс базасында өткен форумның алғашқы күні командалық рухты дамытуға бағытталған коммуникациялық ойында жас мамандар 12 командаға бөлініп, жалпы алғанда 3 алаңда 10,5 км қашықтықта түрле кедергілерді еңсерді. Әрбір алаңда жастарды күтпеген күрделі кедергілер күтіп тұрды. Жастар бұл сынақтардан тек бірлік пен команданың арқасында өтті. Бір айта кетерлігі, командалардың әр қимылда-

ры мен шешімдерін арнайы төрешілер қадағалап отырды. Күш пен жігерді жанытын мұндай жарыстар арқылы ұйымдастырушылар жастарды үйреншікті күнделікті жайлы тірліктен бір мезгіл «суырып алып», бойды билеген қорқыныш сезімдерін жеңіп, командада жұмыс жасаудың маңыздылығын түсіндіруді көздеді. Шара соңында барлық қатысушыларға медальдар табыс етілді.

Алғашқы күннің қорытынды шарасын да ұйымдастырушылар ерекше өткізуді жақсы қолға алған. От жанындағы демалыста жастар гитарамен ән айтып, күзгі кешті керемет өткізді.

- Жастар марафонының алғашқы күні біз үшін үлкен сынақ болды. Біз бойымыздағы қорқыныштан арылды. Әрине, команда мүшелері бір-бірін жігерлендіріп, алға сүйреумен болды. мұндай ойындардан кейін жаныңда отырған адамды әріптесің ретінде емес, кез келген қиындықта сенім арта алатын адам ретінде білесің. Соның арқасында көптеген жаңа достарды таптық. Физикалық белсенділігімізді арттырдық, - дейді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ технологиялық қондырғылар операторы Аслан Ермұхашов.

БАДИ – ЕҢ ЖАҚЫН АДАМ

Алғашқы күн жас мамандар үшін жаңа дос – бадимен танысумен де есте қалары сөзсіз.





Әрбір жас маман бұған дейін мүлдем танымайтын адаммен танысып, үш күн бойына ең жақын адамы ретінде бір-біріне қарайласты.

Ең бастысы, олардың арасында үш күн ішінде жақын танысып, өмірлік дос болып кеткендер де бар екендері де күмән келтірмейді.

ЕМБІНІҢ АЛҒАШҚЫ КАЙДЗЕН КУБОГЫ

Форумның екінші күнінде қатысушылар Кайдзен кубогын сарапқа салды. Ойын барысында әр команда белгіленген уақыт ішінде компанияның өнімділігін арттыру үшін үнемді өндіріс құралдармен жұмыс істеуді үйренді.

- Ұқыпты өндіріс тұжырымдамасы бүгінгі таңда компанияның өнімділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Оның мәні өндірістегі шығындардың барлық түрлерін жоюға ұмтылыста жатыр, - деді қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары Ғибрат АУҒАНОВ.

Ол бұған дейін өткізілген Жас мамандар күндерінің кәсіби және жеке тұлға ретінде өсуге берген мүмкіндіктерін айтып, өзінің тәжірибесімен бөлісті. Тар-

тысты ойын соңында Ембінің Кайдзен кубогының иегері анықталып, жеңіске 12-команда қол жеткізді.

- Жас мамандар күнінің екінші күні ми қызметін жетілдіруге, тез шешім қабылдауға үйретті. Денемен ғана емес, рухпен және санамен де жұмыс жасау жұмыс барысындағы күнделікті әрекеттерді оңтайландыру, өндіріс процесін жақсарту, жұмыс кеңістігін ұйымдастыру және жүйелендіруге жол ашатынын бүгін тәжірибе жүзінде көріп отырмыз. Ойға түйгеніміз, жұмыс барысында күнделікті қызметіміз, қабылдайтын шешіміміз өндірістік процестің жақсы немесе нашар жүруіне бірден септігін тигізеді. Мұның бәрі Компанияның құндылықтарымен тікелей байланысып жатыр, - дейді «Ембімұнайэнерго» басқармасының сынау және өлшеу электр монтері Фарида Уразова.

АҢЫЗ АДАММЕН КЕЗДЕСУ

Форумның үшінші күні ЕМГ акт залында жалғасып, мотивациялық бағытқа арналды. Компанияның жас мамандары есімі күллі әлемге таныс, қазақстандық кәсіби марафоншы Марат ЖЫЛАНБАЕВПЕН кездесіп, оның естеліктерін тыңдады. Ол қатысушыларға қиын кездерден, өмірлік сынақтардан



қалай сүрінбей өту жөнінде кеңестерімен бөлісті.

Сонымен қатар, шараға қатысушылар компанияның бас кеңсесіндегі геологиялық және интерактивті мұражайларды көріп, өндірісті жедел басқару орталығында болды. Жас мамандар

тілектерін, өздеріне болашаққа хаттарын жазып, оны 2020 жылы ашуға уәделесті.

Шара соңында сөз алған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы «АҚ бизнес-серіктесі Эльмира КАРИМОВА мен ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА Жас мамандар күнін өткізудегі мақсаттарға тоқталып, жастарды жинаған үш күндік тәжірибені қызмет барысында қолдануға, білімге, кәсіби біліктілікті арттыруға, жаңашылдыққа ұмтылуға шақырды.

- Үш күнді қорытындылай келе сіздер Компания құндылықтарының әрбір қызметкерге кәсіби қызметімен қоса, өмірдің өзге де бағыттарында жетістікке жетуге ықпал ететінін аңғардыңыздар. Егер сіздер өз өмірлеріңіз бен денсаулықтарыңызды сақтап, мақсатқа жетуге, қоршаған ортаға және жұмыс орнына ұқыптылықпен қарап, өз білімдеріңізді үнемі жетілдіріп отырсаңыз, айналаңыздағы адамдарға сыйластықпен қарасаңыз, қызметтік мансабыңыз бен жалпы өмірде белестерге қол жеткізеріңіз анық, - деп Г. Шарафетдинова шараны қорытындылады.

Шара соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды. E



Мұнайлы қарашаңырақтың өнерпаздары

Газетіміздің өткен нөмірлерінде хабарлағанымыздай, Ембіде мәдениет күндері бастау алды. Өнер фестивалінің шымылдығын ашқан «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұжымы болатын. Компанияда алғаш жүзеге асырылып жатқан жобаны ашу рәсімі доссорлықтардың үлесіне тиюі тектен-тек емес. Өйткені, Доссор – қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатыны баршаға мәлім.

Доссор мұнайының өнеркәсіптік игеру жылнамасы 1911 жылғы 29 сәуірде №3 ұңғымадан мұнай бұрқағының атқылауынан басталады. Осынау жылдарда сахара сәнімен тіршілік құрған бабалар мұнайшылыққа төселіп, талай «тар жол тайғақ кешулерден» өтеді. Сан жылдар болашағы бұлыңғыр саналған өлке өр-

кен жайып, дамыды. Шындығында, бұйығып жатқан аймақты ұлы дүбірге қосқан, оның шырайын шығарған да, кең далада қала орнатып, дербес шаңырақ көтерген де – Доссор атты бұлақтан атқан сұйық алтынның құдіреті. Міне, сондықтан, доссорлық ұжымның мәдениет күндері терең тарихтан сыр шертетін бейнетаспадан бастау алды.

Доссор мәдениет үйінің «Еркемай» би тобының орындауындағы «Мұнай бұрқағы» биі, Басқарманың арнаулы көлік керуенінің жүргізушісі, спорт шебері М.Галиевтің шәкірттерінің муайтай спорты қимылдарынан көрсетілім шараның шырайын одан әрі асыра түсірді.

Сондай-ақ, өндірістік басқарма қызметкерлері Ө.Барахатова, Д.Төреға-



лиев, Қ.Абилов, Р.Аманиязов және Ж.Рахымғалиевтің орындауындағы әзілкеш қойылым, құрамында Ж.Жұмағалиев, Ө.Кизбасаров, Т.Мырзағалиев, Ө.Нұрманов, Қ.Үмбетов, Б.Аяпбергенов және С.Биманова өнер көрсеткен фольклорлық ансамбльдің орындауындағы поппурри, М.Бексеитов, Ғ.Жанұзақов және А.Жанжігітовтің тарту еткен батырлар ұраны көптің көңілінен шықты. Ал, Қарсақ кен орнының лаборанты Ж.Өтепова мен Ботахан кен орнының мұнай өндіру операторы Ж.Жұмағалиевтің орындауындағы «Conte partiro» итальян әні қазылар алқасы тарапынан ең үздік музыкалық нөмірдің бірі деп бағаланды.

Бір айта кетерлігі, биылғы жыл қазақ әдебиетінде өлмейтұғын із қал-

дырған тұлғалардың туғанына мерейлі жыл болуымен ерекшеленеді. Доссорлық мұнайшылар бұл атаулы оқиғаларды да ұмыт қалдырмай, Ж.Жұмағалиев, Ж.Өтепова, Т.Мырзағалиев, Ө.Нұрманов, Ө.Кизбасаров, А.Темірова, Р.Аманиязовтар ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы мен қазақ поэзиясының падишасы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай сахна төрінде ақындардың өлеңдерін оқыды.

Мәдениет күні барысында көлөнер бұйымдарынан көрме жасақталып, ұжымның спорттық жетістігі де көрермен назарына ұсынылды. **Е**

Қайнарлықтар әр мамандықтың қыр-сырын ашты



Мәдениет күндері аясында екінші болып өнер көрсеткен – «Қайнаrmұнайгаз» МГӨБ ұжымы.

Ең жас өндірістік басқарма ұжымының концерттік бағдарламасы көрініс форматында ұйымдастырылуымен ерекшеленді.

Концерттік бағдарлама кәсіподақ комитетінің есепшісі А.Досбосыновтың орындауында тамаша әнмен бастау алып, бұдан кейін ЗЖЦ операторы М.Жангелді әзіл қосылған монологпен көрермен алдына шықты.

Кейін басқарманың жас мамандары мен жұмысшылары – «Кенбай» ЖҚҚҰЦ слесарі Н.Жолдасов, Б.Жоламанов МДЖАЦ слесарі Т.Нығметов, Уаз, Қондыбай кен алаңдарының слесарі Б.Қамитов, ҰЖЖЦ операторы Ө.Бексеитов, МТЖ қоймасының меңгерушісі Ғ.Ғұмарғалиева, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің маманы Ж.Қаламғалиева күзетші, жүргізуші, геолог, техника қауіпсіздігі инженері, аспаз, есепші өндерін орындап, әр мамандықтың қыр-

сырын ашуға, қиыны мен қызығын қатар көрсетуге тырысты.

Байқау ережесіне сай би өнері де көрсетіліп, қайнарлық жас мамандар флешмобпен көптің көңілін бір серпілтіп тастады.

Көркемсөз бөлігінде де қайнарлық жұмысшылар Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған өлеңдерден үзінділер оқыды.

Концерт соңы әнмен қорытындыланды. Ал, басқарманың зейнеткері С.Қабдолов ардагер тілегін айтып, ақ батасын берді. Табылды Досымовтың әндерін

шеер орындаған Н.Абитовтың өнеріне де қошемет көрсетпеген жан болмады.

Қазылар алқасының мүшелері басқарманың бұл жобаға тың идеямен келгенін, мамандық иелерінің бейнесін толық аша білгенін және қызметкерлердің орындаушылық қасиеттерін, әсіресе, жастардың белсенділігін жоғары бағалады. Және шара соңында орындалған «Ембімұнайгаз» АҚ туралы ән көрерменнің көңілінен шыққанына да ризашылық білдірді.

Шара аясында қайнарлықтар да көрме ұйымдастырды. **Е**



Ембіліктер Мәскеуде «Фариза» спектаклін тамашалады

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық еңбек ұжымдарында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының падишасы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған «Қазақтың аяулысы, перизаты, Өшпейді ешқашанда Фариза аты» атты поэзия кештері өткен болатын. Шарада ақынның өмір кезеңдерін бейнелейтін бейнероликтер көрсетіліп, өлең шумақтарынан үзінділер оқылды. Театрландырылған қойылым ұйымдастырылды. Компания басшылығының қолдауымен шарада үздік деп танылған өнерпаз мұнайшылар - қызметкерлер Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына орай Мәскеу қаласындағы «Современник» театры сахнасында «Фариза» спектакліне жолдама алған болатын. Аталған мәдениет шара Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы елшілігінің ұйымдастыруымен өтті.

Сонымен қатар, сапар кезінде ембілік мамандар Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетовтің қабылдауында болды.

- Мәскеуге барып өте ерекше әсер алдық. Ресейдегі Қазақстан елшісі, жерлесіміз, Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов ағамызбен кездесіп, бірге дәмдес болғанымыз біз үшін үлкен мәртебе. Одан қалса, Мәскеудің орталығында, Современник театрында елшілік ұйымдастырған қазақ поэзиясының падишасы, ақиық ақын Фариза апамыздың 80 жылдығына арналған кеші бізге ерекше рух берді.

Қазақстан актерлері Назгүл Қарабалина бастаған өнер майталмандары

жалғыз бізге емес, сондай-ақ, Мәскеу халқының жүректерінен орын алғаны соншалық, қимастықпен қоштасып жарты сағаттай орындарынан тұрып қошмет көрсеткені қазақ деп соққан жүрегімізді елжіретті.

Қызықты сәттердің бірін айта кететін болсам, Мәскеу қаласын аралап жүргенімізде Қызыл алаңда жігіттермен қазақтылығымызды паш етейік деп, гитарамен Фариза апамызды бір еске алып Жылыойға салем әнін айтып, содан Шәмшінің әндерінен шырқап бір марқайып қалдық. Осындай мүмкіндік берген «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына

ерекше алғыс айтқым келеді. Өйткені, жас мамандарды қолдап, алға ынталандырып келетінінің талай куәсі болып жүрміз, - дейді қайнарлық Мәулен Мұхамбеталиев.

- Ембіде армандар орындалады. Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған Поэзия кешіне мен «Ембімұнайэнерго» басқармасының намысын қорғап қатыстым. Бірақ, бұл кезде басты жұлде Мәскеуге сапар екенін мүлдем білмедім.

Ал, Ресей Федерациясының астанасына сапар ұмытылмастай әсер қалдырды. Елшімізбен кездесіп, әңгіме

айтып отыру – мен үшін үлкен бақыт болды. Әңгіме арқауы, әрине, Атырау туралы болды. Жат жерде жүрсе де елге деген сағынышы, жанашырлығы анық сезіліп тұрды.

Келесі күні театр сахнасында қойылған «Фариза» спектаклін тамашаладық. Айта кетсек, бұл - «Современник» сахнасында қойылған қазақ тіліндегі тұңғыш спектакль болды. Алған әсерімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Өмірімде алғаш рет Қызыл алаңды көріп, «мен Мәскеуге тағы да оралам» деген өзіме уәде бердім, - дейді Айнагүл Гумарова. **Е**



Сұрақ-жауап

Жұмыскерлер сауалдарына жауап

1. Б.Умирбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Байшонас кен орны №2 бригадасының 5 дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі:

Сұрақ: Ссуда алуға арыз бергенмін. Биыл беріле ме екен? Және берілетін соммасы 1 500 000 теңге, сомманы 3 000 000 млн теңгеге көтеруге мүмкіндік бар ма?

Жауап: Жұмыскерлердің ссудаға берген арызын өндірістік басқармалардағы әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің мамандары тіркеуге алады. Әр басқармада арнайы комиссия құрылған. Мысалы, жылына компаниядан 60 млн теңге қаражат ссуда беруге Доссорға бөлінген болса, комиссия ссуда тізімінде тұрған жұмыскерлердің құжаттарын қарап және жағдайларына байланысты, еңбек өтілін ескере отырып, аталған қаражатты 3 млн теңгеден 20 адамға немесе 5 млн теңгеден 12 адамға, я болмаса, өзіңіз айтқандай, 1 500 000 теңгеден 40 адамға бере алады. Бұл комиссияның жұмысына басқару аппараты араласа алмайды, комиссия мүшелері өздері шешім қабылдайды.

2. С.Утеуов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының қарасты Қарсақ, Байшонас жерасты жөндеу бригадасының 4 дәрежелі жерасты жөндеу операторы:

Сұрақ: «Ембімұнайгаз» АҚ-на тест тапсыруға барғанда кей сұрақтары біздің жасап жүрген жұмысымызға сәйкес келмейді. Дайындалу үшін тестілеу сұрақтарын алдын ала алуға бола ма?

Жауап: Негізінен, тестілеуге қандай бағытта дайындалу керектігі жөнінде алдын ала бағыт, сілтемелер беріледі. Дайын сұрақтар қолда болмайды, өйткені, оларды дайындайтын біздің қызметкерлер емес, арнайы аутсорсинг мекемесі қызметкерлері дайындайды. Егер тестілеуден өтіп жатқан кезде бағдарламаға басқа мамандықтың сұрақтары қателікпен түсіп кеткенін байқасаңыз, тест қабылдап отырған маманға келіп айту керек, мамандар тексеріп дұрыстап. Сізге дұрыс-бұрыстығын түсіндіріп айтады.

3. Н. Укпегазиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №2 бригадасының мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Түнгі уақыттағы жұмысқа шыққанда неге «двойной тарифпен» төленбейді?

Жауап: Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сай сағат 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейінгі аралық түнгі уақыт деп саналады және ол бір жарым еседен төмен емес мөлшерде төленуі тиіс. Компанияда Ұжымдық шартқа сәйкес түнгі уақыттағы жұмыстың әр сағаты үшін (бір ауысымда 8 сағат) жұмыс-

кердің тарифтік мөлшерлемесін негізге ала отырып, бір жарым есе мөлшерінде төленіп отыр.

4. М.Сапарғалиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен орнының ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы:

Сұрақ: Бұрынғы тәжірибе бойынша жұмысшы бір жерде 13 жылдан артық жұмыс жасаған болса, зияндылығы үшін басқа цехтарға ауыстыру деген болатын еді. Мен ұңғымаларды жерасты жөндеу цехында 14 жыл жұмыс

жасап келемін. Осыған байланысты қазіргі уақытта мұндай мүмкіншілік қарастырылған ба?

Жауап: Зиянды жұмыс бойынша 2015 жылдан сізге қосымша жалақы төленіп келеді. Егер сіз ұңғымаларды жерасты жөндеу цехынан басқа цехқа ауысу туралы сұрап отырсаңыз, тікелей басшыңыздың қолдау хаты негізінде, арызыңыз кадр бөліміне тіркелу керек. Ішкі тәртіп бойынша бос жұмыс орындары болған жағдайда, «Ембімұнайгаз» АҚ-на тест тапсыру арқылы 3-5 кандидаттың ішінен жоғарғы ұпай жинасаңыз, басқа цехқа ауысуға мүмкіндік бар. **Е**



Прикоснуться к истории...

С сентября 2015 года в главном офисе АО «Эмбаунайгаз» начал работу интерактивный музей компании, который на сегодняшний день посетили несколько тысяч гостей. Предоставляем вашему вниманию мнения зарубежных посетителей о музее, в котором в цифровом формате представлена информация об истории становления казахстанской нефтегазовой отрасли, начавшейся с поисково-разведочных работ и первых промыслов на территории Эмбы, данные о сотрудниках Компании, работавших в разные годы, вкладе эмбаинцев в годы Великой Отечественной войны и восстановление страны в послевоенный период, информация о применявшихся и действующих технологиях в производстве нефти и газа и другая уникальная информация.

- Для начала мне бы хотелось поблагодарить компанию «Эмбаунайгаз» за возможность посетить месторождения и увидеть своими глазами процессы добычи нефти и газа. На последний день съёмок нам представилась возможность посетить интерактивный музей компании, где мы познакомились с историей казахстанской нефти. Это было очень впечатляюще и захватывающе. Мне также предоставили возможность «коснуться» этой истории посредством виртуальных очков.

Я очень рада, что меня пригласили быть частью этой истории. Желаю вашей компании стабильности и процветания.

*Лаура Боеро, фотограф
«National Geographic», Италия.*

- Я впечатлён работой нефтяников Эмбы на месторождениях и бескрайними степями Атырауского региона. Но самое сильное впечатление осталось у меня после посещения музея «Эмбаунайгаз».

Объясню почему. В ходе посещения действующих месторождений нефти и газа, мы наблюдали современный период развития компании, в то время как в музее мы познакомились с историей становления нефтегазовой отрасли и особой ролью в ней нефтяников, в том числе в развитие г. Атырау.

Я сделал много фотографий примечательных мест Атырау и музея, чтобы познакомить с ними свою семью. Ещё раз спасибо за приглашение. Желаю вам всего хорошего.

*Полуамэйт, фотограф
«National Geographic», Тайланд.*

- Музей произвел самое благоприятное впечатление и приятно удивил уровнем технического оснащения. Мы посещали не один музей, посвященный нефти во многих странах мира и со всей ответственностью, заявляю, что по технического обеспечению музей не уступает зарубежным аналогам, а в чем-то даже превосходит.

Композиция музея позволяет получить отчетливое представление об этапах развития нефтегазовой отрасли в Казахстане. Отдельного внимания заслуживает дружелюбный и приветливый персонал музея. В частности, о высоком уровне профессионализма свидетельствует знание деталей истории казахстанской нефти. Хотелось бы пожелать успехов руководству компании и персоналу музея. Уверены, что наличие подобных музеев позволит нынешнему поколению лучше знать непростой путь становления нефтегазовой отрасли и в полной мере осознать историческую ответственность, возложенную на нее.

Огромное спасибо за массу приятных впечатлений!

*Эльчин Велиев
(Азербайджан, г.Баку, SOCAR)*



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Ө.Жақсыбеков – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

И.Сарыбеков – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

*Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі*